




ДАЙЫНДЫҚ БӨЛІМІНЕ (FOUNDATION) ОҚУҒА ҚАБЫЛДАУ ҮШІН ӘНГІМЕЛЕСУ СҰРАҚТАРЫ

«География» пәні бойынша сұрақтары

1. Қазақстан аумағының географиялық орны мен шекарасының ерекшеліктерін сипатта.
2. Қазақстан жер бедерінің негізгі формалары мен олардың пайда болу себептерін түсіндір.
3. Қазақстан климатына әсер ететін басты факторларды ата.
4. Қазақстандағы ішкі сулардың (өзен, көл, жер асты сулары) географиялық маңызын түсіндір.
5. Қазақстанның пайдалы қазбалары мен олардың орналасу заңдылықтарын сипатта.
6. Қазақстандағы табиғи зоналар мен олардың ерекшеліктерін салыстыр.
7. Әлемнің ірі материктері мен мұхиттарының географиялық орнын сипатта.
8. Дүниежүзі елдерінің шаруашылық типтері мен экономикалық даму деңгейін салыстыр.
9. Қазақстанның көлік географиясы және оның экономикадағы рөлі туралы айт.
10. География ғылымының қазіргі кездегі маңызы мен практикалық қолдану салаларын түсіндір.

«Биология» пәні бойынша сұрақтары

1. Жасуша теориясының негізгі қағидаларын атаңыз.
2. Митоз және мейоз процестерінің негізгі кезеңдері мен айырмашылықтарын сипаттаңыз.
3. ДНҚ құрылысы мен қызметін сипаттаңыз.
4. Фотосинтез процесі қайда жүреді және оның маңызы қандай?
5. Адам ағзасындағы негізгі жүйелерді атаңыз және олардың қызметтерін қысқаша түсіндіріңіз.
6. Генетикадағы Мендель заңдарын сипаттаңыз.

7. Эволюцияның дәлелдері мен негізгі теорияларын атаңыз.
8. Ақуыз, май және көмірсулардың ағзадағы негізгі қызметтерін атаңыз.
9. Адамның тыныс алу жүйесінің құрылымы мен тыныс алу механизмі қандай?
10. Гормон дегеніміз не? Адам ағзасындағы негізгі гормондарды және олардың қызметін атаңыз.

«Математика» пәні бойынша сұрақтары

1. Теңдеуді шеш: $\sin 5x = -\frac{\sqrt{2}}{2}$
2. $\sin 240^\circ$ өрнегінің мәнін есептеңдер.
3. Интегралды есепте: $\int_0^2 (1+2x)^3 dx$
4. $a_5 = 27, a_{27} = 60$ болса, онда арифметикалық прогрессияның бірінші мүшесі және айырмасын табыңыз
5. Теңдеулер жүйесін шешіңіз:
$$\begin{cases} 4^{x+y} = 128 \\ 5^{3x-2y-3} = 1 \end{cases}$$
6. Аамалды орындаңдар: $2\sqrt[4]{81} + \sqrt[3]{-125} + \sqrt[6]{64}$
7. Аамалдарды орындаңдар: $\frac{x^2 - xy}{x^2 + xy} \cdot \frac{x^2 y + xy^2}{xy}$, мұндағы $x = 12; y = 4$
8. Өрнекті ықшамда: $\operatorname{ctg}^2 \alpha (1 - \cos 2\alpha) + \cos^2 \alpha$
9. Жұмысшы жалақысының 15%-ын жұмсағаннан кейін 6800 теңге қалды. Оның алған жалақысы қанша?
10. Есептеңдер: $\log_5 22 - \log_5 11 - \log_5 10$

«Физика» пәні бойынша сұрақтары

1. Кинематика. Қозғалыстың түрлері. Біркылыпты және біркылыпсыз қозғалысты сипаттап беріңіз.
2. Заттын тығыздығы және тығыздықтың өлшем бірліктері.
3. Механикалық жұмыс, қуат және энергия.
4. Молекулалық-кинетикалық теорияның негізгі қағидаларын атап өтіңіз. Броундық қозғалыс.

5. Штернің молекулалардың жылдамдығын анықтау тәжірибесінің маңыздылығы неде?
6. Қандай процестер изопроеестер деп аталады?
7. Изотермалық процеске анықтама беріндер және Бойль-Марриот заңын қорытып шығарыңдар.
8. Кулон заңы. Зарядтың сақталу заңы.
9. Тұрақты ток. Тұрақты токтың қолданылуы.
10. Жарық кванттары туралы Планк гипотезасы. Планк тұрақтысы.

«Химия» пәні бойынша сұрақтары

1. М.В. Ломоносовтың втом-молекулалық ілімі. Масса және энергия сақталу заңы. Прусттың құрам тұрақтылық заңы. Дальтонның еселік катынас заңы. Химиялық эквивалент. Эквиваленттер заңы. Гей-Люссактың көлемдік катынас заңы. Авогадро заңы және одан шығатын қорытынды. Салыстырмалы атомдық және молекулалық массалар. Заттың мольдік массасы.

2. Бейорганикалық қосылыстардың жіктелуі және номенклатурасы. Оксидтер. Тұз түзуші және тұз түзбейтін оксидтер. Қышқылдық, негіздік және амфотерлі оксидтер. Оксидтердің номенклатурасы. Негіздер. Бір және көп қышқылды негіздер. Сілтілер. Негіздердің номенклатурасы. Қышқылдар: оттекті және оттектісіз. Бір және көп негізді қышқылдар. Қышқылдардың номенклатурасы. Тұздар: орта, қышқыл, негіз. Аралас және қос тұздар. Тұздардың номенклатурасы.

3. Атом құрылысы. Атом күрделі екендігі жайындағы экспериментальдық негіздемелер. Электронның ашылуы. Радиоактивтілік сәулелері және олардың сипаттары. Атомның Томсон ұсынған моделі. Резерфордтың тәжірибелері.

4. Периодтық заң және Д.И. Менделеевтің химиялық элементтердің периодтық жүйесі. Д.И. Менделеевтің периодтық заңды ашуы. Периодтық заңның жаңа анықтамасы. Периодтық жүйедегі элементтердің орны мен олардың атомдарының электрондық құрылысымен байланысы.

5. Химиялық байланыстың негізгі типтері: коваленттік және иондық.

Коваленттік байланыс. Ковалентті байланыстың негізі сипаттары: энергиясы, ұзындығы, бағыты. Ковалентті байланыс түзілуінің екі механизмі: дара электрондардың ортақтасуы (алмасуы) және донорлық - акцепторлық. Ковалентті байланыстың қасиеттері: қанығуы, бағыты, поляризациялануы. - және байланыстар. Иондық байланыс. Молекулалардағы және қатты денелердегі катиондар мен аниондар. Иондық байланыстың қанықпауы және бағытсыздығы.

6. Химиялық реакция жылдамдығы. Химиялық реакцияларға әсер ететін факторлар. Химиялық реакция жылдамдығының әрекеттесуші заттардың концентрацияларына тәуелділігі. Массалар әсер заңы. Реакция жылдамдығының константасы.

7. Катализ. Реакция жылдамдығына катализатордың әсері. Катализдың түрлері: гомогенді, гетерогенді, оң және теріс катализ, ингибитор жөнінде ұғым. . Катализатор ретінде ферменттердің ерекшеліктері.

8. Ерітінділер концентрацияларын көрсетудің әдістері. Моляр, нормаль концентрациялар. Титр. Өртүрлі концентрациялы ерітінділер даярлау үшін есептеулер.

9. Электролиттер және бейэлектролиттер. Электролиттік диссоциация теориясының негізгі қағидалары. С Аррениус және И.Л. Каблуков жұмыстары.

10. Электролиттік диссоциация дәрежесі. Күшті және әлсіз электролиттер. Диссоциация дәрежесінс әсер етуші факторлар.

«Құқық негіздері» пәні бойынша сұрақтары

1. Мемлекет туралы түсінік, белгілері
2. Мемлекеттің пайда болуы, белгілері
3. Мемлекеттік билік, билік тармақтары
4. Құқық туралы түсінік, белгілері
5. Азаматтардың құқықтары мен бостандықтары
6. Конституция және оның құрылымы, ерекшеліктері
7. Құқық жүйесі
8. Сайлау құқығы, сайлау жүйесі
9. Мемлекеттік қызмет, түрлері, мемлекеттік қызметке қабылдану тәртібі
10. Азаматтық, азаматтық алу, азаматтықты тоқтату, азаматтықтан айыру тәртібі

«Информатика» пәні бойынша сұрақтары

1. Ақпараттық коммуникациялық технологиялар дегеніміз не?
2. Компьютердің негізгі құрамдас бөліктерін атаңыз.
3. Операциялық жүйенің қызметі қандай?
4. Интернет дегеніміз не және оның негізгі қызметтері қандай?
5. Ақпаратты сақтау құралдарына мысал келтіріңіз.
6. Бағдарламалық қамтамасыз ету және аппараттық қамтамасыз ету арасындағы айырмашылық неде?
7. Ақпараттық қауіпсіздік дегеніміз не?
8. Желі анықтамасы, желінің негізгі түрлері қандай?
9. Мультимедиа технологиялары қандай салаларда қолданылады?
10. Жасанды интеллект дегеніміз не?

«Дүниежүзі тарихы» пәні бойынша сұрақтары

1. «Өркениет» ұғымының анықтамасы. Өркениеттің негізгі сипаттамалары мен айрықша белгілері.

2. Алғашқы адамдардың пайда болуы: «епті адам», «тік жүретін адам», «саналы адам».
3. «Орта ғасырлар» және «феодализм» түсінігінің шығуы мен мазмұны.
4. Ұлы географиялық ашулар. Алғышарттары, маңызы және салдарлары.
5. «Қайта өрлеу» мәдениетінің тууы және ерекшелігі.
6. Екінші дүниежүзілік соғыс: себептері, сипаты, кезеңдері.
7. Екінші дүниежүзілік соғыстан кейінгі «қырғи-қабақ соғыс». Әлемде екіполюстік жүйенің қалыптасуы.
8. Әлемдік экономика дамуының заманауи үрдістері: технологиялық революция, ақпараттық қоғамның дамуы.
9. XX ғ. соңы мен XXI ғ. басындағы Еуропа және Америка елдерінің әлеуметтік-экономикалық және саяси дамуындағы басты үрдістер.
10. XX-XXI ғасырдың бас кезіндегі Азия мен Африка елдерінің әлеуметтік-экономикалық және саяси дамуындағы басты үрдістер.

«Шетел тілі» пәні бойынша сұрақтары

1. Can you introduce yourself and tell us where you are from?
2. Why did you choose to study in this country?
3. What subject do you want to study at university, and why?
4. What do you usually do in your free time?
5. Describe a typical day in your life.
6. Tell us about your family. How many people are there, and what do they do?
7. What was your favorite subject at school, and why did you like it?
8. Have you ever travelled to another country? If yes, where and what did you do there?
9. What are your goals for the future after finishing your studies?
10. What do you think are the most important skills for university students to have?

«Қазақ тілі» пәні бойынша сұрақтары

- 1.Өзіңіз туралы айтып беріңіз.
- 2.Қазақ тілінің грамматикасын қаншалықты білесіз?
- 3.Қандай пәндер сізге ұнайды және неге?
- 4.ҰБТ-ға дайындықта қай пәндерден көбірек көмек қажет деп ойлайсыз?
- 5.Қазақ мәдениеті немесе дәстүрлерінің ішінде сізге ерекше ұнайтыны қайсысы?
- 6.Қандай қазақ ертегісін немесе әңгімесін жақсы білесіз?
- 7.Абайдың бір қара сөзін немесе өлеңін білесіз бе?
- 8.Кез келген тақырыпта бір мақал-мәтел айтып беріңіз.

9. Осы курсқа қатысудан не күтесіз? Қандай нәтижеге қол жеткізгіңіз келеді?

10. Сіз үшін білім алу неге маңызды? Болашақта кім болғыңыз келеді?

«Қазақ әдебиеті» пәні бойынша сұрақтары

1. Соңғы оқыған көркем шығармаңыз қандай? Қысқаша мазмұнын айтып бересіз бе?

2. Абайдың бір өлеңін немесе қарасөзінен үзінді айтып бере аласыз ба?

3. «Қобыланды батыр» жырындағы батырдың бір қасиетін атаңыз.

4. Мағжан Жұмабаевтың өлеңдері қандай сезім тудырады? (қуаныш, үміт, сағыныш т.б.)

5. Ыбырай Алтынсариннің қай әңгімесін білесіз? Қысқаша мазмұнын айтыңыз.

6. Махамбеттің қай өлеңі сізге ұнайды? Неге?

7. Қазақ ертегілерінен қайсысы ұнайды? («Алдар көсе», «Ер Төстік», т.б.)

8. Шоқан Уәлиханов туралы не білесіз? Ол қандай еңбектерімен танымал?

9. Илияс Жансүгіровтің «Күй», «Құлагер» поэмалары туралы естідіңіз бе? Не жайында деп ойлайсыз?

10. Мұқағали Мақатаевтың қай өлеңін білесіз? Сол өлең сізге несімен ұнайды?

«Орыс тілі» пәні бойынша сұрақтары

1. Какие вы знаете гласные и согласные звуки? Приведите примеры.

2. Что такое корень слова? Придумайте пример слова с корнем и окончанием.

3. Чем существительное отличается от прилагательного?

4. Что обозначает глагол? Назовите формы глагола.

5. Приведите примеры наречий (как? где? когда?).

6. Какие служебные слова вы знаете (предлоги, союзы, частицы)?

7. Как вы понимаете согласование и управление в словосочетании? Приведите пример.

8. Какие бывают типы предложений по цели высказывания (повествовательные, вопросительные, побудительные)?

9. Что такое подлежащее и сказуемое? Приведите пример.

10. Как в предложении выделяются однородные члены? Придумайте пример.

«Орыс әдебиеті» пәні бойынша сұрақтары

1. Кратко расскажите о жизни и творчестве А.С. Грибоедова. В чем основная идея комедии «Горе от ума»?

2. Что такое юмор, ирония и сатира? Приведите примеры из литературы.

3. Назовите основные этапы жизни и творчества А.С. Пушкина.
4. Какие темы и мотивы встречаются в лирике Пушкина?
5. Почему Пушкина называют «солнцем русской поэзии»?
6. Какие главные темы звучат в стихах М.Ю. Лермонтова?
7. Что вы знаете о Н.В. Гоголе и его произведении «Мертвые души»?
8. Какие образы помещиков изображены в «Мертвых душах» и чему они учат читателя?
9. В чем главный конфликт романа И.С. Тургенева «Отцы и дети»?
10. Как вы понимаете тему «отцов и детей» в жизни и литературе?

«Көркем еңбек» пәні бойынша сұрақтары

1. Заманауи құрал-саймандардың маңызы неде?
2. Қазақтың қандай аспаптарын білесіз?
3. Ұлттық ою-өрнек бұйым жасауда қандай әсер береді?
4. Көркем еңбек пәнінің суретпен байланысы қандай?
5. Көркем еңбекте сызу пәнінің атқаратын қызметі қандай?
6. Көркем еңбек пәнінің қоғамдағы маңызы қандай?
7. Көркем еңбек пәнінің негізгі тәрбиелік мәнін атаңыз?
8. Сабақтағы техника қауіпсіздігінің маңызын атаңыз?
9. Көркем еңбектегі интарактивті тақтаның маңыздылығын атаңыз?
10. Қандай ағаш станоктарын білесіз?

«Дизайн» пәні бойынша сұрақтары

1. Интернеттегі ұлттық өрнектерді қолдану маңызы қандай?
2. Сіз қандай ұлттық нақыштағы сәулет үйлерін байқадыңыз?
3. Графикалық дизайнның ұлттық киімдердегі маңыздылығын атаңыз?
4. Қандай антикалық дизайндағы стильдегі үйлерді байқадыңыз, қай жерлерде?
5. Танхаус үйлері қай жерлерде бар?
6. Заманауи дизайнның маңыздылығы неде?
7. Құрылыста қандай заманауи материалдар қолданылады?
8. Хайтек құрылысын көрсетіңіз, қай жерде құрылды атаңыз?
9. Қазақстан дизайндағы қай сала сізге қатты ұнады?
10. Графикалық дизайндағы қандай бағдарлама өте өзекті деп ойлайсыз?

«Музыка» пәні бойынша сұрақтары

1. Қазіргі заманғы ең танымал музыкалық жанрлар қандай?
2. Рок-н-роллдың негізін қалаушылардың бірі кім?
3. Классикалық музыканың ең танымал композиторын атаңыз?
4. Джаз музыкасының пайда болған жері және оның ерекшеліктері қандай?

5. Моцарт қай ғасырда өмір сүрді?
6. Қазақ музыкасының тарихындағы көрнекті тұлғаларды атаңыз (мысалы, Құрманғазы, Дәулеткерей).
7. Ішекті аспаптарға қандай аспаптар жатады?
8. Неліктен аспап «фортепиано» деп аталған? Бұл сөздің мағынасы қандай?
9. «Симфония» деген не және ол қандай аспаптардан құралады?
10. Қазақстан Республикасының қандай танымал әншілерін білесіз?

«Дене шынықтыру» пәні бойынша сұрақтары

1. Денсаулық үшін не маңызды?
2. Жүгіру денеге қалай әсер етеді?
3. Спорт түрлеріне не жатады?
4. Қандай жаттығулар бұлшық еттерді дамытады?
5. Жүгіру кезінде қандай аяқ киім кию керек?
6. Спортпен айналысу қанша уақытқа қажет?
7. Спортпен айналысу денені қалай нығайтады?
8. Қай спорт адам шыдамдылығын арттырады?
9. Жаттығудан кейін не істеу керек?
10. Салауатты өмір салтына не кіреді?

«Журналистика» пәні бойынша сұрақтары

1. Журналистика жанрлары туралы жалпы түсінік
2. Репортаж жанры.
3. Журналистік зерттеу.
4. Ұлы Отан соғысы кезіндегі қазақ мерзімді баспасөзі
5. М.Сералыұлы – публицист, журналист («Айқап» журналы)
6. А.Байтұрсынұлының «Әдебиет танытқыш» еңбегі
7. А.Байтұрсынұлының ағартушылық, қоғамдық қызметі, баспасөздегі еңбегі.
8. Журналистік әлемдік этика талаптары
9. БАҚ-тағы журналистік этиканың бұзылуы
10. Телевизиялық журналистиканың қалыптасу тарихы

**Жоғары және жоғары оқу орнынан
кейінгі білім берудің оқу-әдістемелік
бөлімінің басшысы м.а.**



Р. Асылова